

28 қаңтар күні 8-11 сынып оқушылары арасында ІІІ қалалық «Мәуелі мұра» оқулары өтті. «Мәуелі мұра» оқулары мақсаты жас ұрпақты қазақ әдебиеті шығармаларын насихаттап, құнды қазыналарымызды білу қажеттілігін көрсету, әдеби тіл байлығы, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту.

«Мәуелі мұра» оқулары балалар әдебиетінің классигі, ақын Гафу Қайырбековтің шығармашылығына және 95 жылдық мерейтойына арналған.

Мектептен 2 номинациясы бойынша оқушылар қатысты:

«Таза, мінсіз асыл сөз...» - берілген тақырып бойынша эссе жазу номинациясына 9 «А» оқушысы Калимова Дильназ, 3 орын алды

«Әдебиет танытқыш» - шығарма мәтінінің көркемдік құрылысын талдау 9 «А» оқушысы Бақыт Нұрдана, 2 орын алды.

«Мәуелі мұра» оқуларына оқушыларды дайындаған қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Игисина Айткуль Сержановна.